

Жаратылыстану пәндер бірлестігі мүшелерінің атқарған жұмыстары жайлы мәлімет

2022-2023 оқу жылы.

Бірлестікте 9 мұғалім жұмыс жүргізіп келеді, оның 2- лаборант. Биология пәнінен 3- мұғалім Байғабылова А, Мұқанова Е, Нұрмұханбетова Г, химия пәнінен ә- мұғалім Ахметова Т.Т, Бектасбай Ж. география – 2 мұғалім Атамбаев Н, Қоңыров Н, физика пәні- Туленов Р, Серікқызы Б.педагог–модератор - 4 мұғалім СерікқызыБ,Атамбаев Н, ,Туленов Р Педагог сарапшы – Ахметова Т ,Қоңыров Н барлық мұғалімдер жоғары білімді.Оқу жүктемелерімен толық қамтылған. Оқу жылының басында әр мұғалім күнтізбелік, ОЖСБ, ҰБТ, бірлестік жоспарларын бекітіп алды. Сол жоспар бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Тоқсан сайын хаттамалар жазылып отырылды. Тоқсандық есептер тапсырылды. Мұғалімдер оқу жылының оқу бағдарламасын,жаңартылған білім мазмұны бойынша 5-11 сыныптарда тоқсан аяғында БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынып сараптама жасалынып тапсырылды және өздеріне берілген тапсырманы уақытында орындап отырды.Оқу қорытындысы бойынша пән мұғалімдері биология пәні- 57 %, география пәнінен -71 %, химия бойынша- 56% , физика пәні- 66% көрсетті. Мектепшілік іс-шараларға белсене қатысып отырады. Сонымен қатар лездемелерде әдістемелік кеңестерде баяндамалар жасады. 5 - 13 желтоқсан аралығында ««Жаратылыстану- табиғаттың сырын табу»» тақырыбында жаратылыстану пәндер апталығы жоғарғы деңгейде өтті. Онда бағдарлама бойынша ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді.

Биология пәнінің мұғалімі Байгабулова Айгерм Арыстанғалиевнаның жылдық мәлімет

2022-2023 оқу жылында 7ә, 8ә, 9ә, 10ә, 11ә, сыныптарына сабақ беремін. Жыл бойына бжб, тжб жұмыстары алынып, тексеріліп, бағаланып, қорытынды модерациялық талдау жасалынып отырды.

5-7 сынып оқушыларының «Зерде» республикалық зерттеулік жобалар және шығармашылық жұмыстардың мектепшілік кезеңіне биология пәні бойынша Аманжолова Диана «Экомаркелерді тиімді қолдану» тақырыбын зерттеп 2орын алды.

Мектепшілік пән олимпиадасына Мырзағалиева Айгүл 9 сынып, Сапарбек Бейбарыс 9 сынып, Мусин Алдияр 9 сынып, Ермұханқызы Алтын 9 сынып, Бақытжанұлы Шахмұрат, Тұрғанова Алтынай, Сыздықбаева Еркежан, Ілияс Аида, Жұмабаев Мағжан 8 сынып оқушылары қатысты. Аудандық пән олимпиадасы Ермұханқызы Алтын қатысты

Ақбота сайысына қатысқан оқушылар: Аманжолова Диана, Қайырғали қатысып, Сыздықбаева Еркежан, Тұрғанова Алтынай, сертификат алды.

«Білім алушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырудың өзекті стратегиялары» тақырыбында өткізілген аудандық семинарда іс-тәжірибе тараттым. Н.Мейірманов мектебінде биология пәні бойынша 10 сыныптарға тақырыбында семинарда ашық сабақ өткіздім.

Жаратылыстану пән бірлестігінің апталығында 10 «Ә» сыныппен «Адам қаңқасы» тақырыбында ашық сабақ өткіздім.

Химия пәнінің мұғалімі Ахметова Тәттігүлдің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысы

«Тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, химия сабақтарында зертханалық және практикалық жұмыстар арқылы білім алушылардың танымдық қабілетін дамыту» тақырыбында облыста іс-тәжірибе таратты.

«Мектептегі химия сабағы басымдықтар мен жетілдіру стратегиялары» білкітілік арттыру курсы, желтоқсан, Педагогикалық шеберлік орталығы, 07.11-02.12.2022 жыл. Педагог-сарапшыны қайта растады.

Химия пәні бойынша ұйымдастырылатын аудандық семинарға қатысты, жұмыс көрсетті, Амангелді жалпы білім беретін мектебінің 9 сынып оқушыларымен «Тотығу тотықсыздану үдерістері» тақырыбында шеберлік сынып көрсетті.

Педагогтердің Республикалық ПедСтарт онлайн-олимпиада, I орын, 31.08.2022 жыл

Мектепшілік пән олимпиадасына Кәкімжан Жансая 9 сынып, Айтбаев Айгерім 10 сынып, Ыбрайқызы Әмина 10 сынып, Қадырова Ақбота 11

сынып, Қайратова Айым 11 сынып қатысты. Аудандық пән олимпиадасы, Қадырова Ақбота, 3 орын

Ақбота сайысына қатысқан оқушылар: Есімсейтов Нұрислам, Ануарбек Нұрсұлтан, Амантаева Аружан, Әбдіғалым Қарақат, Ыбрайқызы Әмина, Нұрлыбекова Аруай, Нағызқанова Әлия қатысып, сертификат алды.

Жаратылыстану пән бірлестігінің апталығында 11 «Ә» сыныппен «IV А топ элементтерінің қасиеттері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

7 «А», 8 «Ә», 9 «А», 9 «Ә», 10 «А», 10 «Ә», 10 «Б», 11 «А», 11 «Ә» сыныптарына сабақ береді. Білім сапасы 58%.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі

2022-2023 оқу жылы

Химия пәні мұғалімі Бектасбай Жанар Мейрамбекқызының жылдық мәліметі

2022-2023 оқу жылында 6 «Ә» сыныбына жаратылыстану пәнінен және 7 «Ә» сыныбына, 8 «А» сыныбына химия пәнінен сабақ беремін. Жыл бойы бжб, тжб жұмыстары алынып және тексеріліп қорытынды модерациялық талдау жасалынды.

Қараша айында «Құндылыққа бағытталған білім химия сабақтарында» атты әдістемелік кеңесте баяндама жасадым.

5-7 сынып оқушыларының «Зерде» республикалық зерттеулік жобалар және шығармашылық жұмыстардың мектепшілік кезеңіне жаратылыстану пәні бойынша Бұзаубақова Жанайкерім қатысып жүлделі 2 орын алды.

5-6 сыныптар арасында өткен республикалық олимпиаданың I кезең мектепшілік кезеңінде жаратылыстану пәнінен Өмірбеков Райымбек пен Сәлімгерейқызы Аяжан қатысып, Сәлімгерейқызы Аяжан I орын алып, аудандық кезеңге жолдама алды.

Ақпан айында «Шәкіртім мақтанышым» дарынды бала мектепшілік байқауында-химия пәні бойынша зертханалық тәжірибе түрлі лайфхактар көрсетіп Кенжеахметова Гүлсезім 2 орынды иеленді.

Ақбота зияткерлік олимпиадасында- 7 сынып сынып оқушысы Қайырғали Айзере сертификатпен марапатталды. 8 сынып оқушысы Серікова Наргиз 3 орын, Кенжеахметова Гүлсезім 3 орын алды. 6 сынып оқушысы Хамзина Інжу 1 орын, Біләл Кәусар 1 орын, Алиханқызы Сымбат 1 орынмен марапатталды.

Мың бала ұлттық олимпиадасының мектепшілік I кезеңінің жеңімпазы Біләл Кәусар иеленіп, II кезеңге жолдама алып II кезеңнің де жеңімпазы атанды. Алдағы уақытта Озат және НЗМ мектептеріне түсуге мүмкіндік алды.

Пән бойынша өткізген ашық сабақтарымның әзірлемесін, баяндамаларымды ғаламтор желілеріне салып отырдым.

«Білім алушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырудың өзекті стратегиялары» тақырыбында өткізілген аудандық семинарда іс-

тәжірибе тараттым. Н.Мейірманов мектебінде химия пәні бойынша 7 сыныптарға Валенттілік.Химиялық формулалар тақырыбында семинарда ашық сабақ өткіздім.

6«Ә» сыныбына жетекшілік етемін.Жыл қорытындысы бойынша 18 оқушы білім алуда.Оның 9-ы ер бала және 9-ы қыз балалар. Сыныбымда көбіне көп балалы отбасы балалары білім алуда және оқу үлгерімдері орта деңгейде. Ыстық тамақпен 10 оқушы қамтылған. Сыныпта кісі үйінде жататын оқушы жоқ. Сыныбымның білім сапасы- 39% болды.Жыл қорытындысы бойынша сынып оқушылары мынадай жетістіктерге жетті. Алтын күз байқауында 2орын алдық.Республика күніне орай сынып оқушыларыммен салтанатты жиын концерттік бағдарлама ұйымдастырдық. Күзгі демалыс уақытын тиімді өткізу үшін «Волейбол бізбен бірге» атты 6 сыныптар арасында өткен жарыста 2орын алдық.Қысқы демалыста шахмат,дойбы жарысында Бейсенбай Әділет, Ермұханбетов Нұркелді Өмірбеков Райымбек өте жақсы ойын көрсетті,жүлделі дипломмен марапатталды.Облыстық бокстан өткен жарыста Сақтағанова Арайлым 3-орын,Жас талант халықаралық байқауында Біләл Кәусар 3-орын,Білгірлер бәйгесі облыстық конкурсында Бұзаубақова Жанайкерім,Алиханқызы Сымбат және Хамзина Інжу 2-орын иеленді.

Пән мұғалімі: Бектасбай Ж.М

**Фиика пәнінің мұғалімі Серікқызы Бұлбұлханымның
2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысы**

«10-11 сынып оқушыларының білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру контексінде физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін арттыру» тақырыбында біліктілік арттыру курсы, 2022 жыл тамыз айы, Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы.

Республикалық физика пәнінен қашықтықтан олимпиадасында I орын иеленді, тамыз айы 2022 жыл

«Үздік педагог» республикалық интернет олимпиадасында I орын иеленді, 24.08.2022

«Мұғалім.kz» республикалық журналына «Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі» жұмысы жарияланды, 2022 жыл

Педагогтердің Республикалық ПедСтарт физика пәні бойынша онлайн-олимпиада, I орын, 31.08.2022 жыл

Мектепішілік тізбектелген сабақта «Бүкіләлемдік тартылыс заңы»

тқырыбында 10 «Б» сыныбына шеберлік сабақ өткізді.

Мектепішілік пән олимпиадасына Сабырова Айшабибі Алмасқызы 10 сынып қатысып, I орын алды. Аудандық пән олимпиадасына қатысты.

«Қостанай дарыны» өңірлік оқу әдістемелік орталығы ұйымдастырған физика пәні бойынша қашықтық олимпиадасына Амантаев Бексұлтан, Сыздықбаева Еркежан, Дамирқызы Асылай, Орынбасар Ералы қатысып, сертификатталды

8 «Ә», 10 «Б» сыныптарына сабақ береді. Жылдық білім сапасы 65%.

